

## **Аңдатпа**

Оразаева Әсем Жаңатайқызының «Қаржы көрсеткіштерінің дамушы елдердің фирмаларының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік деңгейіне әсері» тақырыбында 8D04105 - Қаржы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы.

### **1. Зерттеу тақырыбының жалпы сипаттамасы**

Осы зерттеуде, қаржылық көрсеткіштердің дамушы елдердегі фирмалардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейіне (КӘЖ) деген әсері қарастырылады.

### **2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Бұл зерттеу, кәсіпкерліктің қазіргі қоғамдағы дамып келе жатқан әлеуметтік рөліне негізделген. Соңғы онжылдықтарда КӘЖ-тің кәсіпкерліктің түрлі аспектілеріне әсерін зерттеуге бағытталған көптеген академиялық зерттеулері жүргізілді, алайда әлеуметтік жауапты мінез-құлықтың жол салушыларының өздерін зерттеуге арналған академиялық жұмыстар таңғаларлықтай аз. Бұдан басқа, дамушы елдерде КӘЖ-ті қабылдаудың бастапқы сатысы осы елдердегі фирмалардың әлеуметтік мінез-құлқының түсініксіз себептерін зерттеу мәселесін туындатып, дамушы елдер контекстінде «КӘЖ нені қозғайды» деген мәселені жауапсыз қалдырады. Бұл зерттеу, аталмыш мәселені дамушы елдердегі фирмалардың әлеуметтік жауапты тәжірибесінің деңгейін айқындайтын әлеуетті ықпалдарды зерделеу арқылы шешуге бағытталған. Атап айтқанда, осы зерттеуде фирманың қаржылық көрсеткіштерімен ұсынылған қаржылық жай-күйінің оның әлеуметтік жауапты тәжірибемен айналысуға деген ұмтылысына әсері қарастырылады.

### **3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты дамушы елдердің фирмаларының қаржылық көрсеткіштерінің әлеуметтік жауапкершілік деңгейіне әсерін зерттеу болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеудің мынадай міндеттері қойылады:

- Дамушы елдердегі фирмалардың КӘЖ-ке және оның құрамдас бөліктеріне тиімділігі ықпалының бағыты мен маңыздылығын айқындау.
- Дамушы елдердегі фирмалардың пайдаланылмаған ресурстарының КӘЖ мен КӘЖ аспектілеріне ықпалының бағыты мен маңыздылығын айқындау.
- Дамушы елдердегі фирмалардың қаржылық тетігі деңгейінің КӘЖ-ке және оның құрамдас бөліктеріне ықпалының бағыты мен маңыздылығын айқындау.

#### **4. Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі**

Осы зерттеу, дамушы елдердегі фирмалардың әлеуметтік жауапты мінез-құлқына әсер етуі мүмкін ықпалдарды айқындау үшін кешенді тәсілді ұсынады. Түсіндірмелі айнымалылар фирманың бақылауында емес ішкі уәждерді де, сыртқы ықпалдарды да өз ішіне қамтиды. Зерттеудің негізгі бағыты болып табылатын ішкі уәждер ретінде фирманың қаржылық көрсеткіштері таңдалды. Атап айтқанда, ішкі уәждер, яғни, пайдалылық, еркін ресурстардың қолжетімділігі және қарыз деңгейі келесі теориялық негіздерге сай айқындалған: Кэрролл КӘЖ пирамидалары, ресурстық көзқарас және мүдделі тараптардың теориясы. Сыртқы факторлар ретінде тиісінше институционалдық теория мен мүдделі тараптардың теориясына негізделген мемлекеттік тиімділік деңгейі және қоғамдық пікірдің ашықтығы пайдаланылады. Бұл кешенді тәсіл көптеген ықпалдар мен теориялық негіздерге сүйенетін КӘЖ тұжырымдамасының көп қырлы сипатымен айқындалған.

Осы зерттеудегі КӘЖ деңгейіне қаржылық көрсеткіштердің әсері КӘЖ мен қаржылық нәтижелерді зерттейтін байланыстарға бағытталған көптеген алдыңғы зерттеулерде елеулі сын-қатер тудыратын эндогенділік пен біртектіліктің әлеуетті мәселелерін шешу үшін аспаптық айнымалыларды бағалау әдістерін пайдалану жолымен зерделенеді. Бұл зерттеу сонымен қоса КӘЖ тұжырымдамасының көп қырлылығын мойындайды және дамушы елдердегі фирмалардың әлеуметтік жауапты мінез-құлқына әлеуетті әсер етуі мүмкін болған макро деңгейдегі айнымалылармен қатар ұсынылады. Осы зерттеудегі қаржылық көрсеткіштер – пайдалылық, еркін ресурстар және леверидж көрсеткіштері болып бөлінеді. Қаржылық көрсеткіштердің жалпы КӘЖ-ке, сондай-ақ КӘЖ-тің жекелеген құрамдас бөліктеріне (экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық) әсері зерделенеді. Деректерді статистикалық өңдеу Microsoft Excel және E-views 12 статистикалық пакетінің көмегімен жүргізілді.

#### **5. Деректер және әдістеме**

Аталған зерттеу 2016-2020 жылдар аралығындағы 20 дамушы елдің 110 фирмасының қаржылық және әлеуметтік жауапкершілігі туралы деректерді негізге алады. Қаржылық коэффициенттер мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің көрсеткіштері Refinitiv ESG дерекқорынан алынды. Макроөңірдің айнымалыларының көзі Дүниежүзілік банктің қоғамдық пікір сауалнамалары негізінде жасалған рейтингтері болып табылады.

Жалпыланған сәттердің әдісі (GMM) осы зерттеуде бағалаудың негізгі әдісі ретінде пайдаланылған, себебі осы әдіс, эндогенділік пен деректерді өлшеу қателерінің болуын еңсеру есебінен неғұрлым дұрыс нәтижелер береді деп қарастырылған.

#### **6. Маңыздылық және жаңалық**

Бұл зерттеу әлемнің дамушы бөліктеріндегі КӘЖ-тің қозғаушы күштерін түсінуді жақсартады, сол арқылы осы елдердегі КӘЖ ерекшеліктерін

ескеретін КӘЖ тетіктерін неғұрлым тиімді енгізуге шақырады. Дамушы елдердегі КӘЖ-тің қозғаушы күштерін түсіну, атап айтқанда, қаржылық көрсеткіштердің рөлі, дамушы елдердегі КӘЖ-ті зерттеу үшін теориялық-әдістемелік база құруға және жаңа зерттеу міндеттерін орнатуға әкеледі. Тәжірибе жағынан осы зерттеудің нәтижелері дамушы елдердегі компаниялардың КӘЖ стратегияларын енгізу, әзірлеу және жақсарту кезінде пайдалы болуы мүмкін. Қаржылық көрсеткіштер дамушы елдерде КӘЖ деңгейінде ойнайтын рөлді түсіну КӘЖ бастамаларын және олардың фирма қаржысымен өзара іс-қимылын ескере отырып, корпоративтік стратегияларды әзірлеуге ықпал етеді. КӘЖ-ті қабылдауға фирмалардың ынталандыруларын айқындау, есептілік пен мониторингтің неғұрлым тиімді тетіктерін құру үшін негіз бола алады.

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы мынадай ықпалдарға негізделген:

- Біріншіден, мәселенің жаңа зерттеушілік тұрғыдан көтерілуі КӘЖ мен фирмалардың қаржылық көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың бағыты мен ауқымына қатысты пікірталасқа қосымша дәлелдерді келтіреді.
- Екіншіден, осы зерттеуде алдыңғы зерттеулерде байқалған пайдалылықтың стандартты көрсеткіштеріне қосымша пайдаланылмаған ресурстар мен несиелік тетіктің көрсеткіштері сияқты дәстүрлі емес қаржылық көрсеткіштері пайдаланылады. Бұдан басқа, бұл зерттеу КӘЖ-тің жекелеген құрамдас бөліктерінің (экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық) әсерін қарастырады, ал алдыңғы жұмыстарда КӘЖ-тің жалпы деңгейі жиі пайдаланылған болатын.
- Үшіншіден, бұл зерттеуде фирмаға тән ықпалдарды да, сыртқы әсерлерді де ескеретін көп деңгейлі тәсіл қолданылады, осылайша КӘЖ тұжырымдамасының күрделілігі ескеріледі.
- Бұдан басқа, зерттеуде осы тақырып бойынша алдыңғы зерттеулерде жиі кездесетін әдістердің шектеулілігін сынау ескеріледі. Атап айтқанда, бұл зерттеу алдыңғы зерттеулерде аз пайдаланылған динамикалық желілік регрессиялық модельді пайдалану арқылы КӘЖ және қаржылық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты зерттейді.
- Шарықтай келе, аталмыш зерттеудің жаңалығы - бірнеше елге негізделгені болып табылады.

## **7. Зерттеу нәтижелері**

Регрессия нәтижелері қаржылық көрсеткіштердің түріне қарамастан (рентабельділік, еркін ресурстар, қарыздық жүктеме) дамушы елдердің фирмаларының әлеуметтік мінез-құлқын ынталандыруға болар-болмас әсер ететінін көрсетті. Бұдан шығып келер айырмашылық - фирмалардың қаржылық тетігі дәрежесі мен фирманың экологиялық жауапкершілігі арасындағы статистикалық маңызды өзара байланысы. Сондай-ақ, ықпал ету бағыты, қарастырылып отырған қаржылық көрсеткіштің түріне қарай ерекшеленетіні анықталды.

Макроайнымалылардың КӘЖ-ке және оның құрамдас бөліктеріне деген әсерінде де ерекшелік бар. Үкіметтің тиімділік деңгейі әлеуметтік мінез-құлыққа айтарлықтай әсер етпейді. Жұртшылықтың пікірімен ұсынылған екінші макроайнымалы, КӘЖ мен оның құрамдас бөліктеріне оң әсер етеді, бұл ретте экологиялық құрамдас бөлікке де айтарлықтай әсері бар. Бақылау айнымалыларына келетін болсақ, фирма көлемінің КӘЖ-ке оңтайлы әсері байқалады. Сондай-ақ фирмалардың әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыруда ЖІӨ елдерінің елеусіз оң рөлі анықталды.

Бұл зерттеудің бастапқы болжамдарына қарамастан, фирманың табыстылығы - дамушы елдердегі фирмалардың КӘЖ деңгейінің әлсіз анықтаушы факторы болып табылатыны байқалды. Сонымен қатар, бухгалтерлік және нарықтық көрсеткіштер әртүрлі бағытқа әсер ететіні байқалды.

Екіншіден, бастапқыда ресурстық тәсіл негізінде осы зерттеу, КӘЖ фирмалары неғұрлым жоғары ресурстық база КӘЖ қабылдау мүмкіндігін ұлғайтатын ішкі ресурстардың болуына байланысты деп болжады. Алайда, аталған зерттеудің нәтижелері еркін ресурстардың болуы міндетті түрде әлеуметтік жауапкершілікті ұстану керек емес екендігін көрсетеді. Пайдаланылмаған ресурстар мен КӘЖ арасындағы өзара байланыс теріс және азғантай деп белгіленді.

Үшіншіден, леверидж деңгейіне келетін болсақ, нәтижелер бастапқы болжамға сәйкес келеді, оның негізінде мүдделі тараптардың өзара байланыс теориясы қойылған, мұнда неғұрлым әлеуметтік жауапты фирмалар банкроттық тәуекелінен неғұрлым сенімді қорғауды қамтамасыз ету үшін капитал құрылымында қарызды аз пайдалануды негізге алған. Дегенмен, әсер етудің статистикалық маңыздылығының жоқтығы себепті, қарыз деңгейінің күші, КӘЖ бастамаларына деген кедергі жасауы білінер-білінбестей.

## **8. Автордың жеке үлесі**

Жұмыстың авторы - зерттеу тұжырымдамасы мен объектісін таңдауға, жұмыстың мақсатын анықтауға, зерттеу міндеттерін анықтауға, сондай-ақ барлық регрессияларды құруға және жүргізуге, алынған деректерді жинауға, талдауға және диссертация жазуға қатысты.

## **9. Алдыңғы жарияланымдар**

Аталмыш диссертацияның авторы бұған дейін КӘЖ және қаржылық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты алты жарияланымда зерттеген, оның ішінде 3-еуі отандық журналдарда жарияланған және 2-еуі Scopus-та жарияланған және 1-еуі Scopus-та енді жарияланбақшы.